

Қазақ мәдениетіндегі уақыт пен жас философиясы

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында уақыт өлшемі табиғат пен аспан денелерінің қозғалысына негізделген. Осының нәтижесінде пайда болған «жыл қайыру» жүйесі 12 жануардың атауымен аталатын циклдік күнтізбені құрайды. Бұл жүйе тек уақытты есептеп қана қоймай, адамның мінез-құлқын, тағдырын және денсаулығын болжауға септігін тигізген.

Мүшел жас — адам өмірінің әрбір 12 жылынан соң келетін дағдарыстық немесе өтпелі кезең. Алғашқы мүшел 13 жастан басталады. Мұның себебін этнографтар баланың ана құрсағында жатқан 9 ай 10 күндік уақытын бір жыл деп есептеуімен түсіндіреді. Одан кейінгі мүшелдер 25, 37, 49, 61 жас болып жалғаса береді. Халық ұғымында мүшел жас — «қауіпті кезең». Бұл уақытта адамның ағзасында физиологиялық өзгерістер болып, психологиялық тұрғыдан жаңа белеске көтеріледі деп сенген.

Сондықтан мүшел жасқа толған адамға қатысты ерекше талаптар қойылған. Мысалы, мүшел жастағы адам алыс сапарға шықпауға, маңызды шешім қабылдауға абай болуы тиіс. Осы кезеңнен аман-есен өту үшін «мүшел тойын» жасап, жақын адамдарына киімін немесе бағалы затын сыйға тартқан. Бұл әрекет «ескі өмірдің қиындықтарын артқа тастап, жаңа кезеңге таза ниетпен қадам басу» деген символдық мәнге ие.